

Ән: 7 сынып

1-Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті ұстаздармен қонақтар, ата-аналар және оқушылар.

2-Жүргізуші:

Армызыздар жаны жайсан, жаңалыққа жаны құмар аяулы ұстаздар!

1 жүргізуші:

Ұстаз деген ұлы сөз ұлағатты,
Ол болмаса, кім береді парасатты.
Асылын беріп шәкірт бойларына,
Ағартқан сол үшін де қара шашты.

2-жүргізуші

Ұстазға әркім басын ию керек,
Кемеңгер, ақылшым деп білу керек.
Сен бүгін керемет боп кетсең дағы,
Жеткізген сол ұстаз деп білу керек. - деп жырлай отырып
«Дарын» мектеп-интернатында «Ұстаздар күнін» мерекесіне арналған
«Ұстаздарға мың алғыс» атты концертімізді **ашық деп жариялаймыз.***(Хормен айтады)*

Алғашқы құттықтау сөзді мектебіміздің

_____ береміз.

2-жүргізуші: Дәрігер де ғалым да,

Елге әйгілі дарын да.
Ел басқарған әкім де,
Титтей тамшы секілді
Мұғалімнің жанында.
Ұстазының сиясы

Ақындардың қанында –дей отырыпталанты көкке жеткен
оқушыларымыздың арнауын бірге тыңдайық.

2-жүргізуші: Қазақ қызы күлімдер күн көзіндей,

Дөңгеленіп билейді ай жүзіндей.
Жұлдыздардай өрнекті аспандағы,
Биші қыздар билейді бұрала би.

Сахна төрінде мың бұралған биші қыздарды қарсы алыңыздар.

1-жүргізуші: Келесі кезекте «Күле білгеніміз өмір сүре білгеніміз» демекші,
оқушылардың «Тексеріс кезіндегі базардағы оқиға» атты көрінісін тамашалайық.

2 жүргізуші: Құлақтан кіріп бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең, менше сүй,
алдарыңызда 7 сынып оқушыларыңыздың орындауында күй.

2 жүргізуші: Ұстаз болу- жүректің батырлығы,
Ұстаз болу- сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу- мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы-дей отырып Ясмина мен Айгерім
қыздарыңыз «Ұстазым» әнін орындайды.

2 жүргізуші: Төгілгендей шуақты нұр әуеден,
Ұшар құстай жүрегің тұр-ау әрең.
Жанарында шаттықтан жасаураған
Билеп бара жатқандай мынау әлем.
Сахнада 7 сынып қыздарының биін бірге тамашалайық.

1-жүргізуші:
«Күлкісіз өмір- мәнсіз өмір
Күлу-өмірдің сәні» демекші алдарыңызда 10шы сынып оқушыларының «Қыз алып
қашу дәстүрме» атты әзілге құрылған сахна көрінісін қарсы алыңыздар.

2жүргізуші: Ақыл, білім көп бердің
Анамдайсың мектебім
Сенде өсіп көктедім
Сенсің -өмір көктемім
Алғыстарым көп менің
Асыл анам- мектебім! -дей отырып Жансұлуды «Ұстазға тағзым» әнімен
сахна төріне шақырамыз! Бірге тыңдайық!

2 жүргізуші: Көкірегіме нәрін құйған білімнің
О, ұстазым сырын ұқтым ұғындым
Сіз мен үшін сарқылмайтын дария
Әр шәкіртін мәпелеген гүліңмін.
Мерекеңмен құттықтаймын ұстазым,
Алдарыңызда 10шы сынып оқушыларын Ретро биін қошеметпен қабыл алыңыздар!

1 жүргізуші: Жақсылық пен жамандықты теңкерген
Әр шәкіртін бөліп-жармай, тең көрген
Мың алғысты өзіңізге арнап ем.
Шаршамастан біліммен тәлім берген.
Анамдай боп ақыл айттың жаныма кеп,
Бұл ақылың әрқашанда жаныма сеп.

2жүргізуші: Ұстазымыз, сүйікті анамдайсыз,

Білгеніңді үйретуден аянбайсың,

Бар баланы тең көріп, күлімсіреп

Тағдырына ара түсіп алаңдайсың, дей отырып

Перизат пен Балнұрдың «Бақыт деген» әнімен кешімізді қорынтылауға рұқсат етіңіздер.

Қадірлі ұстаздар!

Бүгінгі іс-шараның соңына келіп, сіздермен қоштасар сәтке жеттік. Бірақ біздің жүрегіміздегі алғыс ешқашан таусылмайды. Сіздер біз үшін әрқашан жол көрсетуші, өмірдегі шынайы ұстаз бола бересіздер. Қошболыңыздар, жақсыкөңілкүйменқайтакездескенше!